

Д.Қ. Бергібаева , С.А. Кенжеғалиев 
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
Қарағанды, Қазақстан
(E-mail: Dinara.kaldybekkyzy@mail.ru, sayan582@mail.ru)

Ділдік лексиконның берілу жолдары

Аңдатпа. Қазіргі таңда жалпы тіл білімі саласында тіл ұғымымен қатар, ділдік лексикон мәселесін бірге қарау керектігі негізгі ұстаным болып табылады. Оның басты себептерінің бірі – тілді тұтынушы халықтың және жеке адамның өткені мен қазіргі жағдайы ділдік индивидуалдықпен біте қайнасып жатқандығы. Ділдік лексиконның жеке тұлға бойында түзілуі және оның даму ерекшеліктері жайында адамның сөзді санада сақтауы және мәліметті қабылдауының вербальды-семантикалық, когнитивтік және прагматикалық жолдары толықтай қарастырылады. Индивидтің сөйлеу әрекетіне қатысты сөз өндіріп шығаруы, оны екінші адамнан қабылдауы, оны ұғынуы, санада ділдік бірліктердің сақталуы тәрізді сияқты ұғымдарға түсінік беріледі.

Ділдік лексикон мәселесіне дейінгі саты психолінгвистика жетістіктерінің қалыптасу, даму кезеңдеріне шолу жасалынып, қазіргі кезге дейінгі өзектілігі сипатталады. Жалпы тіл білімінде ділдік лексикон жайлы алғашқы зерттеулер мен жан-жақты сипатталған тұжырымдарға талдау жүргізу арқылы қазақ тіл біліміндегі орнын қалыптастыруда бірқатар әлемдік ғалымдардың ділдік лексикон бағытындағы зерттеулері басшылыққа алынады. Бұған дейінгі еңбектер мен зерттеулерді басшылыққа алу арқылы қорытындыланған зерттеуімізде ділдік лексиконның жаңа қыры – бастауыш мектептегі балалардың тілінің қалыптасуы жайлы айтылады.

Түйін сөздер: ділдік лексикон, психолінгвистика, сөздік қор, сөйлеу мәдениеті, ой-сана, семантикалық топ, концепт

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2024-147-2-42-54>

Түсті: 9.01.2024; Жөнделді: 27.02.2024; Мақұлданды: 18.03.2024; Онлайн қолжетімді: 29.06.2024

Кіріспе

Діл – адам баласының ғасырлар бойы қордаланған рухани байлығының жиынтығы, жеке тұлғаның психологиясы. Саналылық пен бейсаналық қалыптасқан концептуалдық жүйедегі семантикалық топ – көп қырлы құбылыс болып табылады.

Ділдік лексикон – тұлғаның жеке сөздік қорын қамтитын ажырамас бөлігі және бала кезден бастап, саналылық деңгейінің ең жоғары деңгейіне жеткенге дейінгі сөйлеу әрекеттері, айтылым мен қабылданымның көрінісі. Жеке адамның семантикалық өрісінде ұлттық және энциклопедиялық білім орналасқан. Ділдік лексикон динамикалық жүйеге жатады және тілдің фонологиялық, морфологиялық, семантикалық және синтаксистік мәліметтері енгізілген құрылымдық жүйе ретінде қарастырылады.

Ділдік лексикон дегенде тіл білімін зерттеушілер тек ділді ғана егжей-тегжейлі қарар болса, лингвистикалық нысаннан алшақтап кетеді. Себебі менталитеттің тілге тигізер

әсері күшті болса да, екеуін бір нәрсе деп айта алмаймыз. Тіл ділдің тікелей сипатын ашпайды. Сол себепті ділдік лексиконды «діл» мәселесінің бір аз ғана бөлігі деп есептеген оңтайлы. Ал қарастырып отырған лексикон – грамматиканың негізгі компонентіне енетін тілдік элементтер сөздігі. Себебі ол грамматиканың фонологиялық, морфологиялық, семантикалық және синтаксистік ақпараттары енген құрылым бөлшегі ретінде қарастырылады.

Адамға осы бір дара «тілдік қабілет» туа беріледі, осы қабілеті арқылы ол басқа тіршілік иелерінен әлеуметтік қасиеттер бойында бар саналы әлеуметтік жанға айналады. Бір нәрсені тану, білу – психикалық әрекет болса, адам бойындағы сөйлесім әрекетінің қалыптасуы, хабарлау, өзге ойды қабылдап, керегін сананың түбінде сақтау – тіл білімінің қызметі болып табылады. Сол себепті жеке адамның ділдік лексиконын, тілдік тұлғасын және оны пайдалана білуін психология мен тіл білімінің қиылысқан тұсынан зерттеу қажет. Адамның ділін тіл мен сөйлеуден бөліп алып қарастыру мүмкін емес.

Ділдік лексикон тұлғаның өзін қоршаған орта мен оған тән заңдылықтар және байланыстар туралы білімінің жүйелілігін көрсетеді. Мұның бәрі сөз арқылы жүзеге асады. Сондықтан лексикон бірліктерін қарастыру негізіне таза тілдік параметрлер енеді. Оған сөз формаларының тепе-тең болуы, әртүрлі қашықтықтағы контекстерге байланыс ендіру жатады.

Жеке тұлғаның ділдік лексиконынан оның сөйлеу әрекетін бақылап, ойының жүйелілігін, белгілі бір ұғым жайлы не білетінін, өресін, болған құбылысты қалай түсінетінін байқауға болады. Бұл тұста сөзді дұрыс қолдану, оны прагматикалық пайдалы құрал ретінде пайдалану жолдарын білу, саналы түрде сөз саптау – тіл білімінің қоғам болашағын қамдайтын бір парызы.

Зерттеу әдістері

Ғылыми мақаланы жазу барысында адам санасындағы қалыптасатын лексиконның құрылымының қалай дамуы бастауыш мектептегі балалардың санасының әр сыныпқа өтуіне байланысты салыстырмалы талдау жасалды. Балалардың өз деңгейіне байланысты тапсырмаларды орындауы арқылы сөздік қорын көбейтіп отыруы – ділдік лексиконның қалыптасуына ортақ «уәжделетін» ұғымдар бар екені және «Ортақ» уәжделетіндерге санада, жадыда сақталып қалған ұғымдар және ассоциотивті топтардың жиынтығы сипаттау және баяндау әдістері арқылы талданды.

Талқылау

Мәдениет, адами мінез-құлық, саналылық, ойлау тілсіз өмір сүре алмайтындығы белгілі. Тіл – ұлттық және әлеуметтік бірегейлік адами қарым-қатынастың құралы. Бұл жайлы қазақ тіл білімінің негізін салушы А. Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде: «Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі: 1) ақылға, 2) қиялға, 3) көңілге.

Ақыл ісі – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғыну, тану, ақылға салып ойлау, қиял ісі – меңзеу, яғни ондағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бейнесіне ұқсату, бейнелеу, суреттеп ойлау; көңіл ісі – түю, талғау.

Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарату», – деген болатын [1]. Тіл қоғам мен ұлттың айрықша белгісі және адами қарым-қатынас құралы болып, ұлттық мәдени құндылықтардың, тілдік қоғамдастықтың мінез-құлық нормаларына басты ықпал етеді. Бұлардың барлығы кез келген тілдің сөздік қорында көрініс береді. Алайда тілдің грамматикалық құрылымы ой-санаға жақын болғандықтан ұлттың ділін дәлірек көрсетеді. Бұл жайлы неміс ғалымы В. Фон Гумбольдт: «Тілдегі сөздердің көлемі сол тілдің сөздік байлығын білдірсе, ал грамматикалық құрылымы ойдың ішкі құрылымының көрінісін береді», – деген болатын [2].

Белгілі бір іс-әрекеттердің жиі қайталануы адам санасында тәжірибе категориясын тудырады. Бұл – негізінен тілде қолданылуы мүмкін ұғымдық категория. Бұл қатынастың тілде қалай көрініс табатындығы лингвистикалық ойлауға тікелей байланысты.

Лингвистикалық таным шығармашылық ойлау құралдарын таңдай алады, ол категорияның семантикалық көлемін, оның комбинациясының ерекшеліктерін және т.б. анықтай алады. Ұлттық категориялар тілдің морфологиялық құрылымына негіз болады. Олар – кез келген тілдің негізгі атрибуттарын құрайтын жүйе жасаушы бірліктер. Ал келесі гендерлік категория біз білетін орыс тілінің маңызды құрылымы екені белгілі. Бұл барлық атауларды үш түрге бөліп қарастырады. Орыс тілінде сөйлейтін адамдар үшін зат есімдердің, етістіктердің үш топқа бөлініп қарастырылуы, әйелге, ер адамға, жан-жануар мен жансыз құбылыстарға қарата айтылуы ол халықтың тілдік санасында бар. Бұл қасиет тілдердің түріне қарамастан барлық морфологиялық категорияларды сипаттайды, ал олар тілдік сананың негізгі «тірегін» құрайды. Барлық тілдің грамматикалық категорияларында төл ережелер мен қасиеттер бар.

Әр тілдің грамматикалық категорияларының құрылымы әр түрлі болып келеді. Себебі кез келген тіл өзінің ділдік танымына сәйкес келетін сөздік атрибуттарын қалыптастырады. Бұл тілдің тарихымен тығыз байланысты. Себебі тарихпен бірге сан ғасырлар бойы тілдің ерекшеліктері қалыптасып дамиды. Бұл белгілі бір ұлттың қоғамдық құрылысына, руханиятына, мәдени және этикалық құндылықтарына тікелей байланысты. Екінші жағынан, ділдік лингвистиканың қалыптасуы экстралингвистикалық оқиғаларға өз әсерін тигізеді.

Қазақ тіл біліміндегі «ділдік лексикон» саласының алар орны ерекше. Бұл сала жайлы жалпы тіл білімімен қатар басқа да ғылым түрлерінде зерттеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Ғылымға сәйкес «ментал», «менталитет» деген сөздерді қазақшалағанда «діл», «ділім» деген атауды алады. Демограф-ғалым М. Тәтімовтың бұлай қазақшалағанына тіл ғалымдары оң бағасын береді.

Менталитет деген ұғым (*mens* – латын тілінен аударғанда ақыл, ойлау, ойлаудың бейнесі, жанның қатпары) – ақыл-ой, адамның бейсаналылығын қоса алғандағы жеке сананың ойлау тәсілі, тағы бір қасиеті – интеллектке ие болуы, адамның интеллект өлшемі, оның интеллектуалды қабілеттерінің жиынтығы. Жалпылай алғанда, менталитет – жеке және әлеуметтік топтардың қимылға, ойлауға, сезінуге және дүниені белгілі бір бейнеде қабылдау бағытының жиынтығы [3]. XX ғасырдың басында менталитет пен тілді біртұтас ұғым ретінде зерттегенен ғалымдарымыз санаулы. Бірақ өз еңбектерінде тікелей атауын айтпай өзекті тақырып аумағында зерттеулер жүргізіп, қағаз бетіне түсірген ғалымдарымыздың бірі ғалым А. Байтұрсынов ділдік лексикон жайында: «... жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама-қадарынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адамы табылуы қиын. Ойын ойлаған қалпында, қиялын меңзеген түрінде, көңілдің түйгенін түйген күйінде тілмен айтып, басқаларға айтпай білдіруге көп шеберлік керек. Мүддесін тілмен айтып жеткізу қиын екендігін, оған өте шеберлік керек екендігін мынадан байқауға болады.

Әркімнің өз салты болғанымен, ол салттар жалпы сөз тізу салттарынан аса алмайды. Сөз шығарушылар, әуелі сөз ұнасымына керек жалпы шарттарды орнына келтіріп, өзінің өзгеше әдісі болса, соның үстіне ғана үйлесімді мәнді сөз қосады. Сондықтан сөз шығарушылар бәрінен бұрын лебіз заңынан шыққан сөздің асыл болуының жалпы шарттарын білу қажет.

...Бір нәрсе турасындағы пікірімізді, яки қиялымызды, яки көңіліміздің күйін сөз арқылы жақсылап айта білсек, сол сөз өнері болады. Ішіндегі пікірді, қиялды, көңілдің күйін тәртіптеп, қисынын, қырын, кестесін келтіріп сөз арқылы тысқа шығару – сөз шығару болады», – деген болатын [1]. Ғалым сөзді айтпастан бұрын ой-санамызда сөздің кемелін келтіріп алғанды дұрыс деп санайды.

Жеке тұлғаның лексиконын түсіндіру тәсілдерінің динамикасы көбінесе психолінгвистиканың және басқа да жеке тұлғаны зерттейтін ғылымдардың жалпы даму тенденцияларымен тікелей байланысты. XX ғасырдың 50-60-жылдарындағы психолінгвистикадағы лексикон жайлы идеялардың дамуына, біріншіден, сол кездегі танымал лингвистикалық концепциялардың болуы болса, екіншіден, Ч. Осгуд және Дж.

Дизаның лексиконның ішкі категориялық құрылымын анықтауға және оның балалардағы қалыптасу ерекшеліктерін ашып көрсетуге деген ұмтылысы басты ғылыми жаңалықтардың бірі болады.

Бұл тәжірибелік зерттеулердің нәтижелері сөздің коннотативті мағынасы және сөздің ауызша-когнитивтік құрылымына назар аудара отырып жарияланады. Бұл тәжірибеде сөздер экспериментті ұйымдастырудың құралы болып табылады. Баланың тілін жан-жақты түсіне білу үшін негізге алынып отырған сөзге байланысты ассоциативті ұғымдар да зерттеуді тереңінен жүргізуге көп әсер етеді. Мұндай зерттеулер кейінірек психикалық лексика мәселесіне когнитивті көзқарас ретінде таныла бастаған ұғымдардың негізін қалады. Яғни XX ғасырдың жетпісінші жылдарының ортасында психолингвистикада ділдік лексикон туралы біршама ақпараттар пайда бола бастады.

Н. Хомскийдің трансформациялық генеративті грамматикалық идеялары дамыған сайын, лексикон грамматикаға байланысты жанама рөл атқаратын тілдің генеративті моделінің құрамдас бөлігі ретінде қарастырыла бастады. Мысал ретінде осы бағытта дайындалған Рошель Либердің диссертациялық зерттеуінде сөзді синтаксистік тізбекте нақты атауға болатын мағыналы бірлік ретінде қарастырып, лексиконды морфо-лексикалық ережелерде қабылданып қолдануға болатын әрі қарай бөлшектеуге келмейтін элемент ретінде қарастырады. Кейін лексикон грамматиканың негізгі компоненттеріне кіретін тілдің мағыналы элементтерінің сөздігі ретінде анықталады [4].

Лексиконның тіл біліміндегі рөлін және грамматикамен байланысын Ч. Огсудтың «Abstract Performance Grammar» деген зерттеу еңбегінен көреміз. Грамматиканың тілде қолданылу жайы басты назарда дегенімен ғалым еңбегінде лексиконға ерекше назар аударылады.

Ч. Огсуд лексиконды ақпаратты танымдық өңдеудің маңызды тетіктерінің бірі ретінде қарастырады. Негізінен ғалым тұжырымы бойынша, лексикон қатты диск сияқты сақтау жадына қарағанда жүріп жатқан процесске жатады. Лексикон – бұл тілдік белгілер мен семантикалық тану кодтары арасындағы байланыстардың өте үлкен жиынтығы.

Белгілер концептісі лексиконмен байланысты оператор (қысқа мерзімді жад процесі), буфер (ақпаратты уақытша сақтау механизмі) және жад (семантикалық ақпаратты ұзақ мерзімді сақтау механизмі) сияқты механизмдер үшін де маңызды.

Ділдік лексиконымызда көп кездесетін синтаксистік жалпылау сөздердің мағынасынан туындайды деген болжам, яғни синтаксис лексиконнан жобаланған деген тұжырым жиырмасыншы ғасырдың 80-жылдарында барған сайын дамып, кең тарала бастады.

Грамматикалық және лексикон арасындағы байланысты қайта қарау қажеттілігі әртүрлі ғылым салаларындағы зерттеушілерден қолдау таба бастады. «Relational models of the lexicon» [5] зерттеуінің кіріспесінде айтылғандай, лингвистер синтаксисті де, семантиканы да толыққанды талдау лексиконды қажет ететінін анықтады. Мысалы, антрополог ғалымдар да бір елдің бұрынғы және қазіргі мәдени құндылықтарын олардың сөздігін қарастырмай тұрып анықтай алмайды.

Тілдің қалыптасуы мен қолданылуын зерттейтін психологтардың қорытындысы бойынша лексикон маңызды объект болып саналады. Сондай-ақ адамдармен өзара байланысы бар компьютерлік жүйені жасап шығару үшін де жалпылай лексикон қажет болады. Қазақ тіл білімі ғалымы А. Байтұрсынов бұл жайлы: «Біз қазақ тіліндегі сөздің бәрін білгеніміз қазақ тілін қолдана білу болып табылмайды. Тілді қолдана білу деп айтатын ойға сәйкес келетін сөздерді таңдап ала білуді айтамыз. Қазақ тілі қазақ ортасындағы бәріне бірдей ортақ мүлік болғанмен, бәрі бірдей пайдаланбайды. Әркім әр сөзді өзінше қолданады, өзінше тұтынады. Бүтін пікірін айтып шығатын әңгіме ішінде түгіл, жалғыз амандасу жүзінде де әркім әртүрлі сөз қолданады. Мәселен біреу «амансыз ба?» деп, біреу «есенсіз бе?» деп, біреу «сәлемет жүрсіз бе?» деп, біреу «күйлі, қуатты барсыз ба?» деп амандасады. Сол сияқты, әркім пікірін сөз қылып шығарғанда да ана тіліндегі сөздерді әрқайсысы әртүрлі қолданады. Қысқасынан айтқанда, әркім сөзді өз қалауынша алып, өз оңтайынша алып тұтынған сөздер сол адамның тілі болады» [1].

Түйіндей келгенде, синтаксисті ұзақ уақыт зерттеп, лексиконды синтаксистік ережелерді сақтаушы ыңғайлы орын деп қарастырған лингвисттерге лексиконның басыңқы және синтаксистің бағыныңқы рөл атқаратынын мойындауына тура келді. Бұл жайлы ғалым Д. Слобин: «language resides in the lexicon and ... the function of syntax is to provide a place to record lexical regularities» [4]. Яғни бұл жалпы тіл білімінде жаңа теориялық тәсілдердің дамуына себеп болды. Жаңа ғылыми теориялар лексиконның бөліктері мен оның семантикалық байланыстарына баса назар аударды.

Лексиконды зерттеудің екі басты бағыты ретінде компьютерлік өзгерістерге сүйене отырып, когнитивті құрылымдарды постуляциялауға бағытталған формальді және теориялық бағыт пен ана тілінде сөйлейтіндерге жүгіну арқылы адамға тән когнитивтік құрылымдардың жұмыс істеу механизмдерінің құбылысына бағытталған бағыт болып бөлінеді. Екінші бағыттың ерекшелігі – компьютерлік метафорадан адам миының ішкі бөлшектерінің ерекшеліктерін есепке алып, адамның әлеуметтік және коммуникативтік өзара іс-қимылға қосылып, ауыса отыра жұмыс атқаруы. Кейіннен лексиконның жеке сала ретінде қарастырылуы тіл біліміне оң ықпалын береді ме деген сұрақ туындаған болатын.

Аризона штаты Таксон қаласында өткен конференцияда лексиканы зерттеудің жаңа тәсілдері талқыланады. «Лексиконның жаңа тәсілдермен қарастырылуы» атты Дуйсбург симпозиумының материалдарында Аустралия, Бельгия, Ұлыбритания, Германия, Греция, Италия, Жаңа Зеландия, Польша, АҚШ ғалымдарының лексикон мен ділдік репрезентацияның құрылымы, оны автоматты модельдеу позициялары, сипаттау нәтижелері, лексикография мен лексиконның арасындағы байланыс, лексиконды педагогикалық тәсілдер арқылы зерттеу туралы пікірлері қарастырылады.

1998 жылдың қыркүйек айында Канаданың Эдмонтон қаласында ділдік лексикон мәселесіне байланысты өткен алғашқы халықаралық конференцияның бағдарламасына көптеген елдерден әртүрлі ғылым салаларының өкілдері қатысып, түрлі мәселелер талқыланады. Сондай-ақ әртүрлі ғылым өкілдерін біріктіретін ділдік лексиконның құрылымын зерттеу үшін халықаралық зерттеу тобы құрылады. Ұйымға ділдік репрезентациялар және оларға қол жеткізуге байланысты ғылыми ізденістер жүргізу міндеті қойылады. Әртүрлі тілдер мен олардың категориялары негізінде біршама теоретикалық тәсілдер мен эксперименттерді жасау көзделеді.

XX ғасырдың соңына қарай «лексикон» термині кеңінен қолданылғанымен оның мазмұнын бірыңғай түсіндіру іс жүзінде болған жоқ. Басым көпшілігінің тұжырымында лексикон – жеке адамның сөздік қоры, оның жадында ұзақ мерзім шамасында сөздердің бейнелеуі немесе адамның сөздерді есте сақтауы деп түсіндіріледі. Бұл психолингвистикалық терминді қолданудың басында «тілдің лексикалық-семантикалық жүйесінің бірлігі» деген дәстүрлі ой жатыр, яғни Л.В. Щерба бұл ұғымды «недопустимой подменой понятий» деген болатын [6].

Басқаша айтқанда, ділдік лексикон жалпыұлттық сөздік қордың белгілі бір бөлігіне тең, сөздің баспа сөздіктерде және лексикологиялық зерттеулерде сипатталған түрінде жадта сақталады.

Сондай-ақ, жасанды интеллект саласындағы зерттеулерімен байланысты ділдік лексиконды семантикалық жадымен теңестіру тенденциясы бар.

Психолингвистикада, когнитивті психологияда, когнитивті лингвистикада, жасанды интеллект саласындағы зерттеулер мен танымдық процестерді машиналық модельдеуде сөзге деген қызығушылықтың артуы ділдік лексикон деп түсінілетін аспектіні талқылауды қажет етті. Сондықтан ділдік лексиконның қандай мақсатта қолданылатындығына және қандай аспектілері ескерілетініне байланысты зерттеулер жүргізіледі.

Психикалық лексиконның жалпы түсіндірмесін когнитивті көзқарас тұрғысынан көрсету бағыты дұрыс болып саналды. Себебі бұл – тілдің дамуында сөздер мен олардың баламалы бірліктерін көрсететін, олардың энциклопедиялық білімін түсіндіру құрылымдарымен байланысты күрделі функцияларды орындайтын жүйе.

Сол себепті ғалым М. Гарман лексиконды екі бөліктен тұрады деп түсіндіреді. Олар: сөз мағынасының және сөз формасының сақталуы [7]. Ғалым екі мәселенің басын ашқысы келеді:

1) сөз формалары абстракцияланған түрде адам жадында сақталатын болса, жазу, сөйлеу, оқу және естудің арасындағы айырмашылық жоқ болады ма?

2) сөздердің мағыналары қатаң семантикалық бірліктер арқылы ділдік лексиконда бейнеленеді ме немесе неғұрлым жалпы когнитивтік сипаттамаларды ескереді ме?

Бірінші мәселені талқылау барысында М. Гарман лексиконда сөздің бірыңғай формасының артықшылықтарының айқын екендігін көрсетеді. Бұл талқылау барысында кез келген лексикалық бірлікті анықтау оңайырақ болып табылады. Алайда фонологиялық тұрғыдан белгіленген бірлік арқылы сөздің жазбаша түрін жүргізу сияқты ережелердің болуын талап етеді. Егер лексиконда әр бірлік үшін сөздің модальді спецификалық формалары болса, оның артықшылықтары ретінде сөйлеуді қабылдау және өндіру жүйелерінің дамуына сәйкес келеді. Ал кемшіліктері – лексиконның қосымша есте сақтау жадының аса қажеттілігімен байланысты. Бұл әртүрлі қабылдау жүйелерін қарастыру – лексиконның модульді-спецификалық компоненттерінің бар екендігін дәлелдеуі. Бұл есту немесе көру арқылы лексикон бірліктерін қабылдауын қарастырады.

М. Гарманның екінші сұрағына берген жауабы лексиконды түсіндіру үшін шешуші жол болып табылады. Ғалымның өзі лексиконда сөздердің семантикасын сөз формаларымен қатар бейнелеуге мүмкіндік беретін сөздердің мағыналары мен жалпы білім арасындағы әртүрлі байланыстар, қатынастардың болуын мойындайтын ұтымды көзқарасты дұрыс деп санайды.

В. Левелттің «Speaking: From intention to articulation» еңбегінде ділдік лексикон адамның сөйлеуінде және өз ойын жеткізуде басты рөл атқаратындығын тұжырымдаған болатын [8]. Бұл – декларативті түрде белгілі бір тілдің сөздік қоры. Яғни сөйлеуші өз пікірін білдіруде айтайын деген сөзіне сәйкес келетін лексикалық бірліктерді қолданады. В. Левелт ойды жеткізу барысында лексикон бірліктерінің мағынасы жеткізілетін хабарға сәйкес келетін ұғымдық шарттарды ұсынады.

Лексикалық бірлікте синтаксистік, морфологиялық және фонологиялық ақпарат бар. Алайда сөйлеушілер сөздің фонологиялық аспектісіне назар аудармай хабарлау схемасын жасайды. Сөздің осындай фонологиялық аспектісін назарға ілмей, синтаксистік тұлғасы бойынша сөйлеуші сөзінің жеткізілу алгоритмін лемма деп атайды [8]. Алайда леммаға берілген бұл анықтама оның табиғатына жеткіліксіз болып саналады. Өйткені сөздің фонологиялық аспектісінен басқа бөлімдердің бәрі леммаға енгендей әсер қалдырады. В. Левелт ділдік лексикондағы лексикалық бірліктердің құрылымын шартты түрде 4 бөлікке бөлінген дөңгелек түрінде бейнелейді де лексика, синтаксис, морфология және фонология салаларын көрсетеді. Ғалым дөңгелектің жоғарғы және төменгі жартысын бөлек алып, келесі кескінде бейнелейді. Алғашқы бөлігі синтаксис пен мағынаны, ал екінші бөлігінде морфология мен фонология салаларын қамтиды, сондай-ақ дөңгелектің бірінші бөлігі лемманы көрсетеді. Лемма оны пайдалану шарттарының концептуалды спецификациясына қатысты ақпаратты (прагматикалық және стилистикалық шарттарды қоса) және әртүрлі морфологиялық және синтаксистік сипаттамаларды қамтиды. Сонымен қатар лемма сөздің синтетикалық және аналитикалық түрлерін де қарастырады. Санадағы ойдың лексикалық бірлікпен алгоритмдік өңделуі туралы жалпы тіл білімінде алғаш рет пікір білдірген ғалымдардың бірі А. Байтұрсынұлы: «Сөз дұрыс айтылуы деп әр сөздің, әр сөйлемнің дұрыс күйінде жұмсалуды айтылады. Олай болу үшін мыналар керек:

1) сөздердің тұлғасын, мағынасын өзгертетін түрлі жалғау, жұрнақ, жалғаулық сияқты нәрселерді жақсы біліп, әрқайсысын өз орнына тұтыну;

2) сөйлем ішіндегі сөзді дұрыс септеп, дұрыс көптеп, дұрыс ымыраластыру;

3) сөйлемдерді бір-біріне дұрыс орайластырып, дұрыс құрмаластырып, дұрыс орындастыру» [1].


Ғалым кез келген адамның лексиконында ойын дұрыс жеткізуде сөзжасамды және сөздің мағынасының, формасының дұрыс түрленуін және оны дұрыс саптауын ділдік лексиконның басты тізбегі деп қарастырады.

В. Левелт лексикалық бірліктердің құрылымы жайлы теориялық түсініктерді «лексикон леммасы» және «морфо-фонологиялық формалардың лексиконы жайлы» деп атап, ділдік лексикон саласында қолданады. Әр леммаға сәйкес келетін түбір сөзден осы түбірлес сөздер сақталатын жерге нұсқау көрсетеді. Алайда ділдік лексикон бірліктері кез келген сөзді қабылдай беретін аралықтар емес. Керісінше лексикон ішкі құрылысы бойынша сөз арасында және сөз ішінде әртүрлі байланысы бар жалпы тіл білімінің ерекше саласы болып саналады.

Нәтижелер

Жоғарыдағы талқылаудың нәтижесінде лексикон бірліктері арасында екі байланыс бар екені анықталды. Олар: лексикон бірлігінің өзіне тән сипаттары және олардың ассоциативті ұғым болып келуі. Алғашқы аталған қатынас түріне сөз мағынасы, синтаксис, морфология және фонологиялық қасиеттері қарастырылады.

Сөздің лексикалық мағынасы бойынша сөз бірлігі мен оның антропоэкеттік жүйесі яғни мағынасы жақын сөздер арасындағы байланыс айтылады. Бұл сөздердің барлығы мағынасы ұқсас сөздер болып, семантикалық ортаны құрайды. Мысалы: қасқыр – лексикалық бірлік, жыртқыш аңдар – мағынасы жақын сөз; арыстан – лексикалық бірлік, жыртқыш аңдар – мағынасы жақын сөз.



Сурет 1. Сызбада бір семантикалық топқа жататын лексикалық бірліктердің концептуалдық сипаты көрсетіледі.

Бұл – ділдік лексиконда сөздің функционалдық-динамикалық жүйе ретінде берілуі. Ғалым В. Левелт бұл жайында: «Ағаш» деген ұғымның жүз түрлі ағаш бейнесінен құрастырылмайтынын жеткізеді. Олай болатын болса, біздің тіліміздегі сөздер көлемі аз болар еді. Осындай көп пернелерді ықшамдап, оңайлату үшін сөз қолданылады, сондықтан ойымыз жинақталып, аз уақытта көп нәрсе түсінетін боламыз. Ойды өнімді қылатын сөз екен», - дейді [9]. Кестеде берілген төрт-түлік жануарларының бейнесін қосатын болсақ, ол ұғымның мәні ашылмайды. Себебі, қой төрт-түлік малдың бір түрі ретінде қарастырылады. Ал ұлттық танымымызда, яғни ділдік лексиконымызда ол «Үй жануарлары» немесе «Төрт-түлік жануарлары» семантикалық тобына жатады. Ғалым тіл арқылы ойдың жарыққа шығуын психологиямен байланысы арқылы көрсетеді. Жеке адамның сөйлеу әрекетіндегі мәселелерді ғалым қарастырып, сұрақ түрінде ұсынады: «Сөйлеу мәнері, қалай сөйлейді? Аз ба? Көп пе? Зауықты ма? Зауықсыз ба? Жылдам ба? Баяу ма? Тәптіштеп пе? Қысқа ма? Бір тегіс пе? Кібірттік пе? Тілге байлығы, ойлағанын үнемді, еркін айта ала ма? Жан толқындары сөзіне қандай рең береді? ...жазғандағы тілі, баяндағандағы тілі, қол сермесі, сөйлегендегі бет құбылысы» [9].

Ділдік лексиконның ерекшеліктері туралы идеялар М. Гарманның сөйлеуді түсіну процесімен, ал В. Левелтаның тұжырымы сөйлеудің даму процесімен байланысты. Кейін лексиконның тіл білімі саласындағы орны айқындала бастады.

XX ғасырдың екінші жартысында жүргізілген жалпы ғылыми пікірталастардың аясында лексиканы зерттеуші ғалымдар лексиконның жеке «модуль» ретінде қарастырылуы жайлы күрделі мәселені алға тартты. Біздің ойымызша, лексиконның модуль ретінде қарастырылуы – адамның санасындағы сөздік қорын тілдік құзыреттіліктің тәуелсіз құрамдас бөлігі ретінде түсіндірілуі. Сөзді есту, оқу, сөйлеу немесе жазуды қабылдауға арналған арнайы жеке лексикондардың арасында айырмашылықтар бар. Олар «лексикондық лемма» және «морфо-фонологиялық түр» деп аталады. Сондай-ақ бұл тізімді жалғастыру үшін адамның әртүрлі мақсатта сөйлеуіне арналған жеке-жеке лексикондармен жалғастыруға немесе бір ғана лексиконның дамуының сыртқы (вербальді есту, көру және вербальді емес есту, дәм сезу, суретті қарау сияқты әртүрлі әрекеттері) және ішкі (ниет және концепт) құрылымына тоқталуға болады. Қазақ тіл білімінің негізін салушы ғалым А. Байтұрсынұлы да XX ғасырдың басында адамның лексикалық бірлікті танып білуінде сөзді көру, есту арқылы графика-фонемалық түрде танудың маңызы зор екенін атап өтеді.

А. Байтұрсынұлы ділдік лексиконның мәні мен сөйлеу үдерісінің тығыз байланыста болатынын былай айтады: «Лебіз ашық мағыналы болуы үшін, айтушы айтатын нәрсесін анық танитын болуы керек. Адам анық танитын нәрсесін ашық атайды да, көмескі танитын сөзін көмескі, күңгірт атайды. Сондықтан біреудің айтқан сөзін түсінеміз де, біреудің айтқан сөзін анық түсінбей, жорамалдап жорып, ұйғарып қана қоямыз» [1].

Бұлай келе ділдік лексиконның басты ережесі – тіл мен ой-сананың ұғымдық, диалектикалық бірлігі. Бұл саланың басты объектілерінің бірі – бала тілі. Ана сүтімен дарыған тілде тіл мен діл ұштасады. Баланың әлемді тануы осы сәттен бастау алады. Әрі қарай бала танымы кеңейіп, мектепке дейінгі кезеңде есту, көру және сөйлеу қабілеттері арқылы лексиконы қалыптасады. Кейін мектеп табалдырығын аттаған сәттен бастап, оқушы атанады да, лексиконының дамуы қарқынды жүзеге аса бастайды.

Мектепке бірінші келіп тұрған баланың тілін түзеу, дамыту жұмысын сөйлеуге үйретуден бастаған дұрыс жол болып саналады. Бала өзінің күнделікті өміріндегі көрген-білгенін бір-бірімен және мұғаліммен сөйлесу, әңгімелесу арқасында қорытып, бір жүйеге келтіре алады. Солай оның ой-өрісі кеңейеді.

Тіл дамыту жұмысы қалайша құрылу керек деген мәселеде мамандардың тоқталатыны да, жоспар нұсқауында да мына мәселелер: а) баланы дұрыс сөйлеуге дағдыландыру; ә) балаға қиын сөздердің мәндерін зерттеу, соған сүйене өз сөзін айту; б) сөздердің көтеріңкі екпінмен айтылу жағын зерттеу; в) сөзді бұзбай дұрыс, табиғи түрде айта білу техникасы.

Дұрыс сөйлеуге дағдыландыру деген – сөйлеуші өзін қалай ұстауы, сөйлегенде көзі қайда болуы, қимылы т.б. іс-әрекеттерін ескеру керек. Сонымен қатар сөйлегенде дем ала білу, сөз ортасында дем алып сөзді бұзбау сияқтыларға сақ болу тиіс. Дыбыстарды дұрыс айтуға қалай үйрету, бұл үшін артикуляция мәселесіне аса көңіл салу жөн.

Мектепке бірінші рет келген балалардың аз-көп сөздік қоры бар, өз ойларын, алған әсерлерін әншейінде өзінше айтып та бере алады. Бірақ мектеп оған жат, сондықтан ол қысылады, әншейіндегісіндей еркін сөйлей алмайды. Сол себепті тіл дамыту жұмыстарындағы бірінші міндет – балаларды әңгіме, сөзге тарту.

Бұл жөніндегі әңгімелердің тақырыптары балаларға таныс, олардың төңірегіндегілерден алынған, соған дәл келетін болу керек.

Мұндай тақырыптар табу қиын емес: балалардың ойындары, бақылау, балалардың өздерінің көрген-білгендері т.б. Анық, дұрыс жаңа дауыстап сөйлеуге үйрету сабағы мектепке жаңа келген балалардың әңгімелесу түрінде болмақ.

Ал тіл мүкестігі, мыңғырлап, міңгірлеп оқу (сөйлеу) сияқтыларды қою үшін дербес жаттығулар керек. Мысалы, «р» дыбысын «б» дыбысымен алмастырып айту сияқты кемшілікті жою үшін әлгі дыбыстардың өзгешеліктерін айтып түсіндіру, «ы» дыбысын

айтқанда ерін бір-бірінен қашықтап, тіл-тіске тірелетінін; «р»-ны айтқанда тілдің ұшы жиырылатынын көрсету керек. «З» мен «ш»-ны алмастырып айту сияқты кемшілікті жою үшін де, осы дыбыстардың дыбысталуын байқату жөн.

Балаларда қадалып, шашалып сөйлеу де болады. Бұл сияқты кемшілік сөйлегенде, қалай дем алуға үйренбегендіктен келеді. Сөйлесуші өзінің сөзінде кідіретін жерге дейін керекті ауаны жеткілікті етіп жинап алмайды да сөз ортасында тоқтап қалады, сондықтан оның сөзі де түсініксіз болады.

Мектеп босағасын бірінші рет аттаған балаға мектептегінің бәрі жаңа, жат болып көрінеді. Мектепке келгеннен кейін ол кейде бұрынғысынан да айырылып қалғандай болады – екі арада бір үзіліс пайда болады. Баланың күні, бұрынғыдай емес, сабақ кестесі қойылады. Оған үй жұмысы беріледі, мұны ол белгілі уақытта істеуі қажет.

Бастауыштың алғашқы сыныбында баланың жеке сөздік қорының яғни лексиконының молаюына әңгімелесудің пайдасы көп. Сонымен қатар морфология мен синтаксис жағы дұрысталады, сөзді дұрыс формасында қолдануға үйретеді; 3) ойды дұрыс, тәртібімен айтуға, айтылып тұрған ойларды жүйе-жүйесімен айыруға үйретеді.

Алғашқы кезде сөзді қалай құрастырудан гөрі, зерттеліп отырған затты, іс-амалды дұрыс ұғыну жағына көбірек зер салу қажет. Сөздерді айыра білу, қойылған мақсатқа орайластыру сияқты жұмыстар ілгері сатыдағы міндеттер.

Сөйлеуге үйретудің ең оңайы да, қолайлы да жолы сұрауларға берілетін қысқа жауаптар. Балалардың жауаптары қандай болу керек? Балалардан әрбір сұраққа толық жауап талап етуге болмайды.

Мектеп босағасын енді аттаған балалардың сөздік қорына лайықты сұрақ қойып, оған жауап беру түрі мынадай болуы мүмкін: «Атың кім?», «Асқар», «Нешедесің?», «Онда», «Үйің қайда?», «Ә. Молдағұлова көшесінде».

Балалардан толық жауап алу керек болса, былай сұрақ қойған дұрыс: «Ал енді өзің туралы бәрін айтып берші» атың кім, нешедесің, қайда тұрасың, тағы не айтқың келеді?» Ал жауабы мынадай болып шығуы мүмкін:

«Менің атым Асан. Жасым сегізде. Біздің үйіміз М. Мәметов көшесінде, 33-үйде, менің бір қарындасым бар. Әкем банкте, анам мектепте жұмыс істейді» т.б.

Бала басынан өткен оқиғасын, істеген ісін мұғалімнің қойған сұрағы және берген тапсырмасы арқылы жауап бере алады.

Ділдік лексиконды байытуда баланың сөздік қоры, ой-өрісі 2-сыныпта кеңейеді. Бұл жөнінде қолданылатын әдіс түрлерінің бірі – мәтінді оқып шыққаннан кейінгі сөйлету. Мұнда балалар қысқа әрі ірі басылған мақала, әңгімелерді ешқандай қиындықсыз оқып бере алады. Алғашқы кезде сұраққа жауап түрінде болса, бара-бара өздері айтып беретін болады.

Сондай-ақ әңгіменің сөз басын тапқызудың үлкен пайдасы мол, балалар оқығандарын ойлап, байқап, түсініп үйренеді, сөз болуға лайық, мәнді сөздерді ескеріп отырады, ойындағысын қысқа, бірақ мағыналы етіп айтуды дағдыландырады.

Ал жаттатуымыз керек шығармалар, көбінесе өлең болғанын дұрыс деп ойлаймыз. Бұған қойылатын шарттар – өлеңді жаттауды бастаудан бұрын бала, шығарманы әбден түсініп алсын, қысқа туынды болса, бірінші тұтас оқып шығып, содан кейін шумақ-шумағын оқып жаттасын; жаттағандарын алғашқы кезде әр күні қайталап, соңынан 3-4 күн өткізіп барып пысықтағаны дұрыс. Бала кезінде баланың есі өте жақсы дамыған. Ес болса ғана адам дұрыс ойлайды. Ойы терең, болып, неғұрлым бай болса, оқудың қай саласын болсын қалаған деңгейінде меңгере алады.

1-2-сыныптарда бастапқы кезеңде қысқа-қысқа өлеңдерді мұғалім айтып тұрғанда, оқушы оны бірден жаттап алады. Қиын сөздерді мұғалім түсіндіреді әрі дауыс ырғағына келтіріп оқып шығады. Мысалы Ы. Алтынсариннің «Кел, балалар, оқылық!» өлеңін мұғалім оқығанын оқушы тыңдап отырады, оқып болған соң кітаптарды ашады, мұғалімнің сұрақтарына өлеңдегі сөздермен жауап береді.

М. Мұнда айтылған өлеңде не жайлы айтылған?

О. Ілім-білімге шақыру.

Сөйтіп өлең жаттауда мынадай жоспар қолданылады:

- 1) мұғалім оқушыларға таныс емес әрі түсініксіз сөздерді түсіндіреді;
- 2) мұғалім дауыс ырғағына келтіріп оқып шығады;
- 3) жеке картина, образдар түсіндіріледі;
- 4) балалар оқиды;
- 5) үйге оқуға беріледі;
- 6) жаттағандарын сыныпта айтып беру.

Бірінші, екінші оқу жылдарында бала дұрыс сөйлеуге үйренеді: баланың сөздік қоры молаяды, ойын дұрыс айтып беруге дағдыланады. Жазу сөзі екі сыныпта негізгі емес, тек дайындық орын ұстайды. 3-сыныптан бастап қана жазбаша тапсырмалар ауызша сөйлеумен қатар жүріп отырады.

Жазбаша өз ойыңды сауатты жеткізу 3-4-сыныптарда оқушының ауызекі құрастырған сөздерін жазу түрінде болады. Оқушылар тек жеке сөздерді жазуға ұмтылады, ойындағыларын тиянақты сөйлем түрінде жазуға дағдылануы тиіс.

Жеке сөздерден сөйлем құрастырып жазу жұмысы 2-сыныптан басталады. Жеке сөз сөйлем ішінен алынады: қысқа сөйлем әңгімеден алынып, ішіндегі жеке сөйлемдері бөлек қаралады.

Бастауыш мектептің жазу жұмыстарында оқушыларды ойдан шығарып жазуға, эссеге, жаңа мазмұндамаға үйрету мектеп тәжірибесінде бар. Бала өзінің көрген-білгенін жазады және бұл оның шығармашылық жұмысы болып табылады. Егер ол дайын мәтіндегі я біреудің айтқанын өз сөзімен жазатын болса бұл мазмұндама болады. Алайда соңғы жылдары мектеп бағдарламасынан мазмұндаманы алып тастаған. Қысқа да нұсқа жазылатын, ойды дәйектеп жеткізуге үлкен әсерін беретін эссе мектептерде қарқынды қолданылады. Белгілі бір сұраққа толық жауап бермей, сол мәселе жайлы өз пікірін білдіріп, болмысты дұрыс және дәл ұға білуге тырысады. Ақпаратты сауатты жеткізу қабілеті өте жақсы дамиды.

Тіл дамытудан көзделетін мақсат – балаларды, өз ойларын сауатты әрі әдеби түрде дұрыс айтып беруге үйрету. Бір ойды дұрыс, дәл етіп жазу – сол ой іргесі анық, дұрыс болып ұғынуына байланысты нәрсе. Егер ойлаушы маңайындағыны, болмысты дәл ұғып көре алатын болса ғана ой іргесі анық, ұғынықты құралады. Балалар болмысты, маңайындағыны өз көзімен өмірде байқайтын және сезетін болса өз ойын да дұрыс айта алмақ.

Ал енді баланың сөз құрауының дұрыс әрі әдемі болып шығуы оның сөздік қорымен және сол сөздердің мағынасын ұғу дәрежесімен байланысты. Кейде бала ойлаған ойын түсінікті етіп айтып, не жазып білдіруге сөз таба алмай сасқалақтап қалады. Семантикалық жадында бар сөздердің бір сыпырасының мағынасы оған бұлыңғыр, сондықтан кейбір сөздерді ол орынсыз қолданады. Сондықтан лексиконның сапалы қалыптасуының бірінші сатысы – балалардың сөздік қорын молайту және сол сөздердің мәнін ашудан, дәлелдеуден басталады.

Қорытынды

Ділдік сана – адамзаттың көп уақыт бойы зерттелген, жинақталған рухани қазынасының бірі. Діл – адамның саналылығы мен бейсаналылығының негізінде қалыптасқан құбылыс болып табылады. Ділдің лексиконның көрініс табуы – қазақ тіл білімінің зерттеуіндегі маңызды тақырыптардың біріне жатады. Бұл зерттеу жұмысымызда тіл мен психологияның байланысының берік екенін көрсеткен ділдік лексиконның лексика-семантикалық, синтаксистік, морфологиялық салаларының арақатынасы қарастырылады. Бұл тұжырымдар бала санасына тілі шыққан сәттен бастап жүзеге аса бастайды. Ал мектептегі кіші буыннан бастап білім алып жатқан оқушылар үшін ділдік лексиконның дамуындағы маңызды әрі жауапкершілігі мол әрекет болып саналады. Бастауыш мектебінде оқитын баланың ой-санасының кеңеюі тұрақты, үздіксіз түрде әлемді тануымен байланысты

екені және ділдік лексикондарының берілу жолдарының әдіс-тәсілдері келешекте кеңірек зерттеледі, өз жалғасын табады деген үміттеміз. Әрине, бұл турасында бағытымыз бен ұсынып отырған пікірлеріміз, айтпақ болған ойларымыз әлі де терең ізденістерді, нақты фактілерді талап еткенімен, өз алдына белгілі мақсат-мүдде қоя білді деп тұжырымдай аламыз. Ең бастысы, лексиконның сөз үдерісінде көрініс табуы санамыздағы кезеңдерден өткенде ғана анық, дәл, ұғынықты әрі табиғаты мәнді болатынын талдап шығуға үмтылдык.

Әдебиеттер тізімі

1. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
2. Фон Гумбольдт В. Избранные труды по языкознанию. – Москва: Прогресс, 1984. – 398 с.
3. Колесов В.В. Язык и ментальность / В.В. Колесов. – СПб.: Петербургское востоковедение, 2004. – 240 с.
4. Қазақ тіліндегі ділдік лексиконның берілу жолдары: Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. авторефераты. 10.02.02 мамандығы бойынша / Кенжеғалиев, Саян Ақылжанұлы. – Астана : [Б. ж.], 2009. - 30 б.
5. Копыленко М.М. О различиях между производством, порождением и синтезом речи / М.М. Копыленко // Психолингвистические проблемы владения и овладения языком. – М., 1969. – С. 97–103.
6. Щерба Л. В. Языковая система и речевая деятельность / Ред. Л. Р. Зиндер, М. И. Матусевич; Акад. наук СССР, Отд-ние лит. и яз., Комис. по истории филол. наук. – Л.: Наука. Ленингр. отд-ние, 1974. – 427, [1] с. : 1 л. портр. – Библиогр.: с. 413-418.
7. Garman M. Psycholinguistics. Cambridge Environmental Chemistry Series Cambridge textbooks in linguistics. Textbooks in Linguistics: Cambridge University Press, 1990.
8. Levelt W.J.M. Speaking: From intention to articulation. Cambridge, MA: The MIT Press, 1993 (1989). <https://hdl.handle.net/2027/heb08442.0001.001>
9. Аймауытұлы Ж. Психология. – Алматы: Рауан, 1995. – 312 б.
10. Залевская А.А. Слово в лексиконе человека: Психолингвистические исследование. – Воронеж: Изд-во Ворон. ун-та, 1990. – 205 с.

Д.К. Бергібаева, С.А. Кенжеғалиев

*Қарағандинский государственный университет имени Е. А. Букетова
Қарағанда, Қазақстан*

Способы передачи ментального лексикона

Аннотация. В настоящее время в области общего языкознания основной акцент сделан на рассмотрении вопроса ментального лексикона наряду с понятием языка. Одной из ключевых причин этого подхода является тесная взаимосвязь прошлого и настоящего ситуаций людей, использующих язык, и их ментальной индивидуальности. Детально рассматриваются вербально-смысловые, когнитивные и прагматические способы удержания слов в сознании человека и получения информации о формировании языкового словаря личности и особенностях его развития. Объясняются такие понятия, как воспроизведение слова человеком, его принятие от другого человека, понимание и сохранение моральных единиц в сознании.

В данной статье также проведен обзор этапов становления и развития достижений в области психолингвистики до возникновения вопроса о ментальной лексике. Описана их актуальность в современном обществе. Руководствуясь анализом всесторонне представленных выводов о ментальной лексике, а также ориентируясь на исследования ряда мировых ученых в области ментальной лексики, определена роль ментального лексикона в казахском языкознании. На основе анализа предыдущих работ и исследований в данном направлении, в нашем исследовании обобщен новый аспект ментального лексикона - формирование речи детей в начальной школе.

Ключевые слова: ментальный лексикон, психолингвистика, лексика, культура речи, образ мышления, семантическая группа, концепт.

D.K. Bergibaeva, S.A. Kenzhegaliev

Karagandy State university named after E.A. Buketov, Karaganda, Kazakhstan

Ways of transferring mental lexicon

Abstract. The current mainstream position in the field of general linguistics is to consider the issue of the mental lexicon alongside the concept of language. One of the main reasons for this is that the past and present situations of language-using individuals are closely intertwined with mental individuality. The verbal-semantic, cognitive, as well as pragmatic ways of retaining words in human consciousness and obtaining information about the formation of a person's linguistic vocabulary and the peculiarities of its development are considered in detail. Concepts such as the reproduction of a word by a person, its acceptance from another person, understanding, and the retention of moral units in consciousness are explained.

This article comprehensively reviews the stages of formation and development in psycholinguistics before the emergence of the mental lexicon issue. It describes their relevance in modern society, guided by an analysis of conclusively stated findings about the mental lexicon. The focus is also on the research conducted by several world-renowned scientists in the field of mental lexicon, defining its role in Kazakh linguistics. Drawing on the analysis of previous works and research in this direction, our study summarizes a new aspect of the mental lexicon - the formation of children's speech in elementary school.

Keywords: mental lexicon, psycholinguistics, lexicon, speech culture, way of thinking, semantic group, concept.

References

1. Baitürsynov A. Ädebiet tanytqyş. Zertteu men öleñder. – Almaty: Atamūra, 2003.– 208 b.
2. Fon Gumböldt V. İzbrannye trudy po iazykoznaniiu. – Moskva: Progres, 1984. 398 s.
3. Slobin D. Psycholinguistics. Glenview, IL etc.: Scott, Foresman and Co, 1971.
4. Kolesov V.V. Jazyk i mental'nost' / V.V. Kolesov. – SPb.: Peterburgskoevostokovedenie, 2004. – 240 s.
4. Kazak tilindegi dildik leksikonnyñ berilu zholdary : Filologija gylymdarynyñ kandidaty gylymi darezhesin alu ushin dajyndalğan diss. avtoreferaty. 10.02.02 mamandygy bojnynsha / Kenzhegaliev, Sajan Akylzhanuly ... – Astana : [B. zh.], 2009. - 30 b.
5. Kopylenko, M.M. (1969). O razlichiiakh mezhdū proizvodstvom, porozhdeniem i sintezom rechi [On the differences between production, generation and synthesis of speech] // Psikholingvističeskie problemy vladeniia i ovladeniia yazykom – Psycholinguistic problems of language proficiency and mastery. Moscow.
6. Щерба Л. В. Языковая система и речевая деятельность / Red. L. R. Zinder, M.I. Matusevich; Akad. nauk SSSR, Otd-nie lit. i jaz., Komis. po istorii filol. nauk. – L. : Nauka. Leningr. otd-nie, 1974. – 427, [1] s. : 1 l. portr. – Bibliogr.: s. 413-418.
7. Garman M. Psycholinguistics. Cambridge Environmental Chemistry Series Cambridge textbooks in linguistics. Textbooks in Linguistics: Cambridge University Press, 1990.
8. Levelt W.J.M. Speaking: From intention to articulation. Cambridge, MA: The MIT Press, 1993 (1989). <https://hdl.handle.net/2027/heb08442.0001.001>
9. Aimauytūly J. Psihologija. – Almaty: Rauan, 1995. – 312 b.
10. Zalevskaia A.A. Slovo v leksikone čeloveka: Psikholingvističeskie issledovanie Voronej: İzd-vo Voron. un-ta, 1990. – 205 s.

Автор туралы мәлімет:

Бергібаева Д.Қ. – Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті 8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша 2-курс PhD-докторанты, Қарағанды, Қазақстан.

Кенжеғалиев С.А. – Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, қазақ тіл білімі кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к. қауымдастырылған профессор, Қарағанды, Қазақстан.

Бергібаева Д.К. – PhD докторант 2 курса по образовательной программе 8D01701 «Казахский язык и литература», Карагандинский университет имени академика Е. А. Букетова, Караганда, Казахстан.

Кенжеғалиев С.А. – заведующий кафедрой казахского языкознания, Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова, к. ф.н. ассоциированный профессор, Караганда, Казахстан.

Bergibaeva D. K. – 2nd year PhD student of «Kazakh Language and Literature» Educational programme, E.A. Buketov Karagandy State university, Karaganda, Kazakhstan.

Kenzhagalyev S.A. – Candidate of Philological Sciences, associate professor, the Head of «Kazakh Linguistics» department, E.A. Buketov Karagandy State university, Karaganda, Kazakhstan.



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).